

павлодар мемлекеттік педагогикалық институты  
2017 жыл



**Тақырыбы:** Баланың жас кезеңдері. Баланың қалыпты  
психофизикалық дамуы.



Педиатрияның мақсаты- дені сау бала өсіру болса, медагогтың мақсаты оны оқыту, әрі тәрбиелеу.

Бала ағзасында өтіп жатқан заңды өзгерістерге байланысты онтогенездің 2 түрін ажыратылады: құрсақтық және құрсақтан тыс даму.

# Н.П.Гундобин классификациясы

---

## **А. Құрсақтық кезең**

- 1.эмбриондық даму фазасы (0 ден 3 айға дейін)
- 2.плаценттік даму фазасы(3 айдан туғанға дейін)

## **Б. Құрсақтан тыс кезең**

1. нәрестелік кезең (0 ден 28 күнге дейін)
2. еметін жас кезең ( 28 күннен 12 айға дейін)
3. ерте мектепке дейінгі кезең (1 жастан 3 жасқа дейін)
4. мектепке дейінгі кезең (3 жастан 7 жасқа дейін)
5. кіші мектептік кезең ( 7 жастан 11 жасқа дейін)
6. Ересек мектептік кезең (11 жастан 20 жасқа дейін)

# Балалардың ай сайынғы даму көрсеткіштері:

---

- **1 ай.** Ашық түсті заттарға көзін тоқтатаып қарайды, жымия бастайды. Физикалық дамуы. Айдың соңында дене салмағы орташа 600 г; бой ұзындығы — 3 см ұзарады, бас айналымы — 1-1,5 см
- Қозғалысы шұғыл, бір — бірімен байланыспаған. Туа пайда болған рефлекстері жақсы жетілген. Вертикальды қалыпта бірнеше секунд басын ұстайды. Қол жетімді заттарды оқыс және рефлекторлы түрде ұстайды



- **2 ай.** Ояу кезінде тыныш жатады, ілулі ойыншықтарды қызықтайды. Ересек адамдар сөйлегенде ұзақ жымияды, басын жақсы көтереді. Физикалық дамуы. Айдың соңында дене салмағы орташа 800 г, бой ұзындығы — 3 см ұзарады, бас айналымы — 1,5 см



- **Нәресте өмірінің үшінші айы.**
- Тамақтануы. Қажетті — ана сүті. 6 рет емізу әр бір 3,5 сағат сайын 130 — 150 мл.
- **Жиі байқалатын жағдайлар:**
  1. Тамақтануы жиі және түнгі уақыттарда. Алғашқы айларда омыраумен емізу кезінде балада ритм өздігінен қалыптасатындықтан шектеудің қажеті жоқ, ал егер жасанды тамақтандыру болса, уақыты бойынша тек 20-30 минутқа ғана ауытқуға болады.
  2. Ішектік колика жиі мазалайды. Профилактика және көмек: тамақтану алдында ішімен жатқызу, нәресте ішін сағат тілі бойынша сипау және ішіне жылы қоюға болады (жылытылған жаялық), балаларға арналған арнайы фенхелмен шөптер беру; қалпы — тамақтан соң адамның қолында вертикальды түрде.
- Нәресте өзінің қолдарымен ойнайды және көз тоқтатып саусақтарына қарайды. Басын 1 минуттай жоғары және қалыпты ұстайды (45 градуста), оңға және солға бұрады.



- **Нәресте өмірінің төртінші айы**
- **Физикалық дамуы.** Орташа дене салмағын қосуы — 750 г, бойының өсуі — 2,5 см. Осы айдан бастап дене массасын әр кезең сайын қосуы 50 г азаяды.
- **Психомоторлы дамуы.** Анасын көрсе қуанады, басын оңға және солға дыбыс шыққан жаққа бұрады. Ересек адамның еркелетіп шақыруына күледі, қолын көтереді. Қозғалған затқа тікелей қарайды. Ішімен жатып басын 45-90 градусқа көтереді.



- **Нәресте өмірінің бесінші айы**
- **Физикалық дамуы.** Орташа дене салмағын қосуы — 700 г, бойының өсуі — 2 см.
- **Психомоторлы дамуы.** Ересек адамның қолындағы ойыншықты алып ұстайды, өздігінен арқасынан ішіне қарай аунайды, қолтығынан ұстап тұрғызса тік тұрады, қасықтан жартылай сұйық тамақты жейді. Арқасымен жатып, қолымен тізесін ұстайды аяқтарының бақайларымен ойнайды.





- **Нәресте өмірінің алтыншы айы**
- **Физикалық дамуы.** Орташа дене салмағын қосуы — 650 г, бойының өсуі — 2 см. Иық ені, бой ұзындығының  $\frac{1}{4}$  құрайды. Кеуде торының айналымы бас айналымынан үлкен.
- **Психомоторлы дамуы.** Арқасымен жатып басын жоғары көтереді, алғашқы буындарды айтады. Басын 90 градусқа бұрады. Егер баланы арқасына жатқызсаңыз бір жақ қырына бұрылады.



- **Нәресте өмірінің жетінші айы.**
- Физикалық дамуы. Орташа дене салмағын қосуы — 600 г, бойының өсуі — 2 см.
- Психомоторлы дамуы. Ойыншықтарымен ұзақ ойнайды оларды лақтырады. Ақырындап еңбектей бастайды. Қол қозғалысы анық.
- Тамақтануы. Әр бір 4 сағат сайын 5 рет тамақтану. Екіншілік қосымша тамақтандыруға болады, мысалы ботқа (таңғы екіншілік тамақтану).



- **Нәресте өмірінің сегізінші айы.**
- **Физикалық дамуы.** Орташа дене салмағын қосуы — 550 г, бойының өсуі — 2 см.
- **Психомоторлы дамуы.** Өздігінен отырып, тұрады. Ересек адам ұстап тұрған кеседен ішеді.
- **Өте жақсы еңбектейді.** Жатқан қалпынан өздігінен отырады және демеусіз отырады. Белгілі заттан ұстап тұрып өздігінен екі аяққа тұрады



- **Нәресте өмірінің тоғызыншы айы**
- Физикалық дамуы. Орташа дене салмағын қосуы — 500 г, бойының өсуі — 1,5 см.
- Психомоторлы дамуы. «Қайда?» сұрағына таныс заттарын көрсетеді. Өз атын біледі. Үлкен кісіге еліктеп, буындарды қайталайды. Тез еңбектейді, үйдің ішінде саяхаттайды.
- **Нәресте өмірінің оныншы айы**
- Физикалық дамуы. Орташа дене салмағын қосуы — 450 г, бойының өсуі — 1,5 см.
- Психомоторлы дамуы. Ересек адам бұйрығын дұрыс орындайды: қорапты ашып жабады, ыдыстарды бірінің ішіне бірін дұрыс салады. Көзімен көрген әр бір затқа талпынады.



- **Нәресте өмірінің он бірінші айы**
- **Физикалық дамуы.** Орташа дене салмағын қосуы — 400 г, бойының өсуі — 1,5 см.
- **Психомоторлы дамуы.** Өздігінен тұрады, бірінші қадамдарын жасайды. Бұйрық бойынша ойыншықтарын дұрыс табады. Алғашқы сөздерін айтады: «бер», «ма», «ав», «ба».
- **Еңбектеуі толықтай.** Горизонтальды қалыптан вертикальды қалыпқа оңай ауысады. Еңбектеп келіп отыра алады. Өздігінен тұрады (белгілі заттың көмегімен)



- **Нәресте өмірінің он екінші айы**
- **Физикалық дамуы.** Туғаннан бастап бір жасқа дейінгі бала салмағы 3 есеге өседі, жалпы бойын қосуы — 25 см,
- **Психомоторлы дамуы.** Сурет бойынша жақындарын таниды. Нақты — «алып кел», «тап», «бер» бұйрықтарын орындайды. Ересек адам артынан жаңа буындарды қайталайды. «Болмайды» сөзін біледі. Отырады, еңкейіп әртүрлі заттарды алады, тоқтауға үйренед

# Нәрестелердегі рефлексстер

- **Қорғану рефлексі** - баланы етпетінен жатқызғанда басын жанына бұрып алады, 2-3 айға дейін сақталады.
- **Еңбектеу рефлексі**- баланы етпетінен жатқызады. (басы мен іші бір сызықтың бойында болуы керек) Табанына алақан тигізіп басқанда бала алға ұмтылып, қолдарымен қимылдай бастайды, 4 айға дейін сақталады.
- **Ұстау рефлексі** - саусақтарды баланың алақанына салып, басқанда ұстау қимылы пайда болады. Кейде осылай баланы жерден көтеріп алуға болады. Бұл бейнелісті табанда да анықтауға (II-III башпайлардың түбінен басса башпайлары табанына қарай иіледі) болады. 2-4 айларда жойылып кетеді.

- **Галант бейнелісі немесе рефлексі** - қырынан жатқан баланың омыртқа маңы сызығы бойымен, мойнынан құйрығына қарай үлкен және сұқ саусақтармен сызып жүргізгенде, тітіркену қапталына қарай доға **тәрізденіп** майысады. 4 айында жойылады.
- **Симметриялық мойын тонус рефлексі** - жаңа туылған баланың басын игенде аяқ-қолының, әсіресе қолдарының, бүгілгені байқалады. Басын кейін жазғанда аяқ- қолдарының жазғыш бұлшық еттерінің тонусы артады
- **Мойындық және тұлғалық жәй қалыптастыру рефлекстері**- басын бұрған жаққа тұлғасы да бұрылады. Мойындық және тұлғалық тізбектік қалыптастыру бейнелістері 6-7 айда қалыптасады



# Апгар шкаласы

- Нәресте туа салысымен жүрек соғысын санау. Нәрестенің ЖСЖ минутына 100 реттен жоғары болса — 2 балл, 100 реттен төмен — 1 балл және жоқ болса — 0 балл
- Тыныс алу жиілігін санау. Тыныс алу жиілігі 40–50-ден жоғары болса минутына (айғайы қатты) — 2 балл, 40-ден төмен — 1 балл, тыныс алу жоқ — 0 балл.
- Рефлекторлы қозғыштықты тексеріп бағалау. Қимылы белсенді, айғайы қатты- 2 балл, қимылдар, нәрестенің бетінде наразылық белгісі- 1 балл, реакция жоқ- 0 балл.
- Терісін бағалау. Терісі қызғылт түсті- 2 балл, акроцианоз- 1 балл, терісінің айқын боздығы — 0 балл.
- Бұлшық ет тонусын бағалау. Нәрестенің қимылы белсенді- 2 балл, аяқ колдарының аздағап бүгілуі — 1 балл, қимылы жоқ- 0 балл Туа салысымен 1 минут ішінде нәрестенің жағдайын жалпы балл санымен бағалау. Туған соң 5 минуттан кейін нәрестенің жағдайын жалпы балл санымен бағалау.